

Ақкөл ауданындағы тіркелген салықтың мөлшерлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы № С15-3 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 наурызда № 1-3-103 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 14 қарашадағы № С 41-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 14.11.2014 № С 41-3 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 – II “ Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Заңының 10 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV «Бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 422 бабына сәйкес және Ақкөл ауданының әкімшілігі ұсынысын қолдауымен, ауданының мәслихаты **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. Ақкөл ауданындағы тіркелген салық мөлшерлері бекітілсін.

2. Ақкөл аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 25 маусымдағы № С 44 – 5 « Ойын бизнесінің ұтысты, келісім бағамен жинақталған салықты бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден өткізу жөніндегі 2007 жылғы 20 шілдеде № 1-3-73 Өңірлік Тізілімдемеде тіркелген, 2007 жылдың 03 тамызда «Ақкөл өмірі» газетінде жарияланған шешімнің күші) жойылған деп т а н ы л с ы н .

3. Шешім Ақкөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
сессиясы төрағасы Б.Жүнісов

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
хатшысы Ю.Ужакин

КЕЛІСІЛДІ:

Аудан әкімі А.С.Үйсінбаев

Б е к і т і л г е н

2009 жылғы 30 қаңтардағы
Ақкөл аудандық мәслихатының
№ С 15-3 шешімі

Тіркелген салықтардың мөлшері

№	Объектінің атауы	Тіркелген салықтардың мөлшері (бі айда бір АЕК)
1	Ойынды бір ойыншымен жүргізуге арналған, ұтысы жоқ ойын автоматы	1
2	Ойынды бірнеше ойыншымен жүргізуге арналған, ұтысы жоқ ойын автоматы	2
3	Ойын жүргізу үшін қолданылатын жеке компьютер	1
4	Ойын жолағы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК